




ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Халықтардың ұлы қоныс аударулары
тарихи антропология тұрғысынан





Мақсаты: Тарихи антропология аясында қарастырылатын мәселелердің бірі халықтар арасындағы қарым-қатынас және ықпалдастық. Адамзат тарихы ол толып жатқан микротарихи кеңістіктердің өз ара әрекеті арқылы жасалады. Осы дәрісте қоныс аудару мәселесін қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Еуразия көшпелілері және Ұлы дала

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Еуразиялық далалық белдеудің бойына орналасқан бақташы тайпалардың шығыс өркениетінің орталықтарымен түйісуі жемісті және нәтижелі болғандығы сөзсіз, сонымен бірге оны қашанда бұлтсыз және бейбіт деп айтуға келмейді. Көшпелі өмір сүру практикасы абсолютті трансцендентті жағдайды және таза қияли ойларды қабылдамайды, керісінше табиғаттың құбылмалы мінезі бұл халықтарды қашанда беймаза қозғалыстар мен нақты істерге итермелейді. Еуразияның далалық белдеуінің халықтары өздерінің талай мың жылдық тарихында қаһары қатты табиғатпен тұрақты күресте және ылғи да соған сай жауап беруге дайын болды. Көшпеліліктен жартылай көшпелілікке, көшпелі мал шаруашылығынан кешенді тіршілікке өту тарихтың белгілі бір ритмдерін қалыптастырады және бұл үдеріс қайтымды. Көшпелілердің қоршаған әлемге сыртқы әсерінің масштабы да табиғаттың күштері мен өздерінің шаруашылық мүддесі туғызған қозғалыс амплитудасына орайласады.

Алайда Ұлы даланың табиғи ресурстарының қашанда шектеулі екені белгілі, ал адам өміріне әсері оның интенсивті кәсіпке өтуіне мүмкіндік бере қоймайтындай қатал. Басқаша жағынан рулық қарым-қатынастарға негізделген дала халықтарының қоғамдық өмірі белсенділікті, тіпті тұрғындардың қоғамдық-саяси өмірмен тұрақты әуестенуін талап етеді. Дала адамы бала кезінен бастап буырқанған қоғамдық өмірге араласады және оған қызмет ету идеясында тәрбиеленеді. Көшпелілер әлемінің сыртында өзінің табиғи мүмкіндіктері жағынан өте ыңғайлы және әр түрлі кәсіпке өте қолайлы өлкелер бар. Өздерінің күнделікті тырбаң тіршілігінен қолы босамайтын жер өңдеуші өркениеттер қоғамдық өмірде белсенділік азайған уақытта көшпелілердің белсенді бөліктерін магниттей өзіне тартады. Қай заман болмасын, кез келген демографиялық жарылыс кезінде Еуразия көшпелі әлемінің азаматы өзінің жігер-күшіне сұраныс бар отырықшы өлкелерден орын іздейді. Ерте бақташылық та, оның дамуы арқасында дүниеге келген кешенді шаруашылық та Орталық Азияда халықтың демографиялық өсімін жақсы қамтамасыз етті. Мықты патриархалды дәстүрлерге негізделген әлеуметтік ірге тас, әр адамды ру-тайпалық қауымның қорғауы халық санының буырқанып өсуінің басты факторы қызметін атқарды. Еуразия көшпелілері қоршаған әлемге бейімделуге мүмкіндік беретін және тіпті оны өзгертетін қабілеттің, қайнар көзі өмірлік жігер күштің молдығын жарқын дәлелдейді. Олардың қайраткерлік жігері бірнеше мың жыл бойы (б.э.д. IV мыңжыл бастап) тек жақын өлкелерді ғана емес, сонымен бірге әлемнің алыс оазистерін де талай рет шарпыды. Олар отырықшы егіншілердің бірқалыпты, іш пыстыратын, бейбіт өміріне құштар, қозғалысқа бейім күш-жігер беріп, алғашқы қауымдық хаосқа стимул және құрылым енгізді. Көпеген мыңжылдықтар бойы Еуразияның әсіресе Шығыстың өзекті дамуы көшпелі халықтардың әсерімен анықталды. Ежелгі өркениеттердің ошақтарындағы әр дағдарыс ауру ағзаға емшілердей ұмтылатын көшпелілердің жауапты реакцияларын туғызды. Шынуайтына келгенде Шығыс пен Батысқа өмірге бейім құрылым әкелетін бұл қарым-қатынасты шипалы қимыл деп есептеуге болады, көшпелілер киіктің тобын қуған қасқырлардай кәрілер мен әлсіздерін ұстап, жастары қабілеттілеріне жол ашты. Бұдан да әрі асыра айтсақ көшпелілер мен отырықшылар арасындағы симбиоз жаңа этностар мен мемлекеттердің қалыптасуына алып келді. (Қара.: Артықбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. СПб., 2005).

Қазақ шежіресінде, біз жоғарыда атап кеткендей, тарихи процестің нақты хронологиялық шекаралары жоқ. Тарихтың мәңгілік қозғалысы көшпелілердің тіршілік тәжірибесінің ең қарапайым формулаларында (дүние жалған, адам қонақ) да байқалғанмен, тарихты циклдык түрде қабылдау уақытты нақтылауға мүмкіндік бермеген. Дала тарихшысы үшін өткен заманның танымал билеушісі – бұл толық мағынасындағы тарих. Мүмкін бұл оның тәжірибесі, оның рефлекстерінің түп-тамыры өткен заманда, адамзат тарихының қойнауында болғандықтан шығар. Тіпті адамды қоршаған табиғи ортаны (табиғат, ескерткіштер, қоғамның өзі және т.б.) айтпағанның өзінде адамға қатысты дүниенің бәрі тарихи процеспен байланысты.



Тарихты адамдар жасайды

Бір жүйе құлаған уақытта билікке жаңа адамдар келеді. Олармен бірге ондаған және жүздеген мың адамдар белсенді қимылға кіріседі. Көшпелі халықтарда болса, бұл уақытта жоғары қарай тұтас тайпалар мен халықтардың өрлейтінін айтқан жөн. Олардың саяси эволюциядағы жолы жәй емес, себебі ол өмір сүру дағдысының, мінез-құлқының, құндылықтар жүйесінің өзгерістерімен бірге жүреді. Сонымен бірге жүйедегі кез келген өзгеріс және позитивті дамуы жаңа идеологияның иелерінің жеке тұлғалық қасиеттері сақталған жағдайда ғана мүмкін. Тарихи жағдай турлы қанша айтсақ та, оған қандай мағына бермесек те, тұлғаның маңызы ешқашан жоғалмауы керек. М.Ж.Көпейұлы «өзін өзі танымаған шіркін өзгені қалай танысын» - дейді. Бұл сөйлемдегі «өзі» деген терминнің тұлғаға қатыстылығын, тұлғаның мықты сапасын және оның жақын айналасын түсіну керек. Қазақтар бұл сөзге тек бір индивидке қатысты ситуацияны ғана емес, оның жақын туыстарын бірге қосақтайды. Бұл шындықты қазақтың екінші бір мақалаы дәлелдей түседі: «өз-өзіңді жаттай сыйла - жат жанынан түңілсін». Қазақ шежіресі толыққанды тұлғаны тәрбиелеуге ерекше мән береді, шынтуайтына келгенде бұл шежіренің басты міндеттерінің бірі, және көшпелілерде тарих мағынасы негізінен осыған келіп тіреледі.

Осылайша, ерте уақыттардан бері далалық тарихтану дәстүрінде тарихтың негізгі категориясы тарихи заман емес, тұлға болып саналады. Осындай тұлғалар өзінің маңызы мен ұлы істері арқылы тұтас заандар мен тарихи кезеңдерді алмастырады. Міне, осы тарихты тұлғалау далалық тарихи дәстүрдің ең басты қағидасы болып табылады.

3. Өркениеттік таным

Соңғы кезде тарихты зерттеуде өркениеттік танымның басым болып келе жатқанын көреміз. Қазір «өркениет» түсінігінің теориялық аспектілерін игеру, оны мәдениеттану, мәдениеттану тарихы, позитивті философия және т.б. ғылымдар көзімен саралау орын алуда. Өкінішке орай бұл мәселені шешуге тарихшылардың қосып жатқан үлесі шамалы. «Өркениет» түсінігіне анықтама беруді, оны тарихи феномен ретінде сипаттауды кезінде еуропалық ойшылдар жүзеге асырған болатын. Шпенглер, Тойнби, Сорокин өркениеттік мәселелер тарихи – мәдени үрдістің негізгі циклінде жатыр деді, соңғы ғалым «мен оларды «әлеуметтік және мәдени супержүйелер» деп атаймын. Ол белгілі бір мемлекеттер, ұлттар, әлеуметтік топтардың өз ара байланысымен дамиды және олардың басын қосады» деп анықтама берді.

К. Ясперс болса локальді мәдениет теорияларына қарсы шығып, дүниежүзі тарихи дамуында Батыс және Шығыстың рухани дамуы стерженьдік және осьтік (белдік, кіндік), уақыт бойынша жүзеге асады деді. Осьтік уақыттың басы деп ол б.з.б. 800-200 жылдар деп көрсетті. «Бұл дәуірде қазіргі ой – танымдарының негізі салынды, қазіргі адамдардың өмірінің құндылығын анықтайтын дүниежүзілік діндер бастау алды, барлық бағытта әмбебаптылыққа көшу үрдісі жүріп жатты. Адам өз тұрмысын, өзін-өзі және өзінің мүмкіндігін түсінді. Адам алдында дүние қаншалықты қорқынышты екені және оның табиғат алдында қаншалықты әлсіз екені ашылды» дейді К.Ясперс.

Неміс ғалымы Г.Рюккерт алғашқы болып көлемді және жан – жақты тарихи материалды жүйеге келтіруге тырысты. Ол «үлкен тарихи өндірістің» үш сатысын белгіледі: бірінші сатыда алғашқы еңбек құралдарын ойлап табу, киім, баспана, азық-түлік арқылы адам табиғат қиыншылықтарына қарсы тұра алды. Екінші саты – әлеуметтік, осы кезде адам қоғамы қалыптаса бастайды, тілдер, салт-дәстүрлер, рулар, отбасы, мемлекет, заң, құқық пайда болды. Осының нәтижесі ретінде Рюккерттің ойы бойынша үшінші саты – «рухани» өмір туады.

Жоғарыда аталған ойшылдардың көзқарастарында ішкі қайшылықтар бар, бірақ өркениеттік ортақ құндылықтар мен негіз бірінші кезекте тұр. Ал егер жеке мемлекет тарихын қарастырсақ мәселе бөлек, объективті талдау Қазақстан тарихының бес ірі кезеңін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: ежелгі дәуір, орта ғасыр, жаңа уақыт, отаршылдық кезең және қазіргі заман тарихы. Тек бір ескертетін мәселе ерте кезеңдерде қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық түбегейлі өзгерістерге, сілкіністерге тап болмайды. Тек қоршап жатқан дүние өзгереді, ол, әрине, Еуразия орталығын мекендеген көшпелі ұлыстарға өз әсерін тигізеді.

Локальді өркениет жақтаушыларының оппоненті ретінде К.Ясперс, Г. Рюккерт сияқты (неміс мәдени үйірме мектебі) кезеңдестіруге Батыс пен Шығыстың рухани даму типологиясын ұсынған. Оның типологиясы бойынша адамзат тарихының үш кезеңі айқын көрінеді: жазуға дейінгі (тарихқа дейінгі кезең – бұл адамның қалыптасуынан бастап жазудың пайда болуына дейінгі кезең); одан кейін өзіндік тарихи дәуір орын алады (немесе жазбаша); Еуропалық мәдениеттің толығымен жеңуінен кейін үшінші кезең



басталады. Оның ойынша XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап әмбебаптану дәуірі басталады (оның түсінігі бойынша - жаһандану үстемдігі).

Бізге бәрінен де объективтілігі жағынан А.Вебер теориясы ұнайды. А.Вебер кезеңдендіруді адам мен жер арасындағы байланыс арқылы қарастырды. Мұз басу дәуірінен кейін ол үш кезеңді бөліп көрсетеді: біріншісі ұзақ кезең (статикалық) б.з.б. 4000 жылдан 1500-1600 жылдарына дейінгі уақыт; екінші кезең (динамикалық) аз уақыт аралығын қамтиды – 1500-1600 жылдан – 1900 жылға дейін; 1900 жылдан үшінші кезең басталады. Вебер бойынша бірінші ұзақ кезеңнің ерекшелігі – Еуразия кеңістігінде үнемі көшіп-қонуға бейімделген Еуразияның далалық өңірінің тайпалары тарапынан қысым жасау үрдісі қалыптасты, ол Еуразияның солтүстік далаларынан бастау алады. Оның нәтижесі: а) ежелгі, жоғары мәдениет аймақтарының құрылуы және; б) жалпы тарихтың сырттай құрылымы жасалды.

Түпкілікті бетбұрыс екінші субкезеңде басталады, яғни б.з.б. 1200 жылдары «жылқы мен түйе мінген көшпелі басқыншы елдер, трансцендентті әмбебап діндерді және философияны жасады, олар қазір де бар, мысалы Қытайдағы даосизм мен конфуциандықтан бастап, Үндістандағы брахманизм мен индуизмге дейін, гректердің дүниені трагикалық және философиялық талдауына дейін. Олардың араласпаған тарихи шаруасы жоқ, өмірдің мағынасы мен мәнін іздеу және эпос арқылы елге таныту сол көшпелілердің дүниетанымға енгізген жаңалығы.

Осылайша алғашқы субкезеңде, б.з.б. 4000 жылдан – б.з.1200 жылға дейін, дүниені қисын жағынан түсіну басым болады (әмбебап анықтамалар пайда болады).

Көшпелілердің үлкен тарихы екінші кезең басында, яғни 1500-1600 жылдары аяқталады (А. Вебер оны өтпелі деп атаған-Ж.А.). Осы кезден бастап Еуразияның тарихы дүниежүзі тарихына айналады, оған Америка, Австралия, Африка сияқты жаңа аймақтар қосылды. Еуразияның солтүстік аймақтарындағы көшпелілер қысымы басылады. Орталық керісінше Еуропаға ауысады». А. Вебер бұл құбылысты «Батыстың жанды – рухани экстраверттігі» деп атады.

Қазақ тарихының бұрынғы-сонғы кезеңдерін талдаған уақытта жалаң теорияларға сене беруге болмайды. Егер деректер дала бейбіт өмір кешіп жатыр, шаруашылық және сауда даму үстінде, шет елдік саяхатшылар даланы еркін кезіп жүр делінсе, онда бұл жерде мемлекеттік тәртіп, үйлесімді өмір бар деген сөз. Егер далада харизматикалық қолбасшы пайда болып, көрші елдерді жаулап алып, биліктің жаңа аппараты құрылып жатыр делінсе, онда Ұлы далада империялық кезең басталуда деп болжау жасауға болады. Егер де деректер далада белгілі бір билік жоқ, халық бұлғақ жағдайында жатыр делінсе, онда дала босу, дағдарыстық кезеңді бастан кешуде деп түсінуге болады. Тарихты кезеңдестірудің толып жатқан мәселелері бар.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Алматы, Лекции по философии истории. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Комментар. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Халықтардың ұлы қоныс аударулары тарихи антропология тұрғысынан
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.